

Мұнай-газ, мұнай өндеу және мұнай-газ, химия салаларындағы әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссияның  
2021 жылғы «29» қыркүйек  
№ 3-2021 хаттамасымен бекітілді

**2020-2022 жылдарға ариалған Қазақстан Республикасының мұнай-газ, мұнай өндеу және мұнай-газ, химия салаларындағы салалық келісімге  
№ 3 қосымша келісім**

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде  
2021 жылғы «25» жарыл  
№ 80 тіркелген  
*Д. Бердібаш*

Нұр-Сұлтан қ., 2021 жыл

**2020-2022 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының мұнай-газ, мұнай өндеу және мұнай-газ, химия салаларындағы салалық келісімге № 3 қосымша келісім**

Нұр-Сұлтан қ.

2021 жылғы «29» қыркүйек

Мұнай-газ саласындағы әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссия отырысының 2021 жылғы «29» қыркүйектегі № 3-2021 хаттамасына, 2020-2022 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының мұнай-газ, мұнай өндеу және мұнай-газ, химия салаларындағы салалық келісімнің (бұдан әрі – Салалық келісім) 1.5-тармағына сәйкес,

- мемлекет атынан Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік);
- мұнай-газ, мұнай өндеу және мұнай-газ, химия салаларының жұмыс берушілері атынан олардың өкілетті өкілі: «KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастыры» заңды тұлғалар бірлестігі және салалық ұйымдар (бұдан әрі – Жұмыс беруші);

- мұнай-газ, мұнай өндеу және мұнай-газ, химия салаларының жұмыскерлері атынан, олардың өкілетті өкілдері: «Қазақстандық мұнай-газ кешенінің салалық кәсіптік одағы» КБ, «Қазақстандық мұнай-газ салалық кәсіптік одағы» КБ және «Химия, мұнай-химия және өндірістің туыстас салалары жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» КБ (бұдан әрі – Кәсіподактар) жұмыскерлері Салалық келісімге осы № 3 қосымша келісім жасасты және Салалық келісімге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізуге келісті:

1. I «Жалпы ережелер» деген бөлімнің 1.1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1.1 Осы 2020-2022 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы мұнай-газ, мұнай өндеу және мұнай-газ, химия салаларындағы әлеуметтік әріптестік туралы салалық келісім (бұдан әрі – Келісім) Қазақстан Республикасының Конституциясына, ҚР Еңбек заңнамасына, «Кәсіподактар туралы» ҚР Заңына, Қазақстан Республикасымен ратификацияланған Халықаралық еңбек ұйымының Конвенцияларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі, жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері (қауымдастықтары, одактары) және кәсіптік одактардың республикалық бірлестіктері (қауымдастықтары, одактары) арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған бас келісімге (бұдан әрі - Бас келісім) сәйкес еліміздің басты байлығы – адамның жаңа технологиялар, роботтандыру және автоматтандыру жағдайларында дамуы үшін Жалпыға бірдей Еңбек Қоғамын, салалық ұйымдардың тұрақты және тиімді қызметін құру мақсатында жасалған.»;

2. I «Жалпы ережелер» деген бөлімнің 1.3-тармағы мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-еңбек қатынастары туралы ұлттық баяндаманы дайындауға және талқылауға қатысу;»;

3. I «Жалпы ережелер» деген бөлімнің 1.3-тармағы мынадай мазмұндағы 2) тармақшамен толықтырылсын:

«2) салалық үйымдарда ұжымдық-шарттық реттеу практикасын дамыту арқылы әлеуметтік, еңбек және олармен байланысты экономикалық қатынастардың тиімді тетігін құру;»;

4. II «Тараптардың өзара қарым-қатынастары мен міндеттемелері» деген бөлімнің 2.1-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) шиеленісті жағдайларды шешу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын мұлтіксіз сақтау, әлеуметтік жауапкершілік, өзара сыйластық, сенім және тараптар мұдделерінің ымыраға барынша қол жеткізу, лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және жұмыс берушілер мен жұмыскерлердің әлеуметтік-экономикалық мұдделерін қорғау, еңбек ұжымдарында келісім мен тұрақтылықты сақтау, әлеуметтік әріптестік қағидаттарын басшылыққа алу, оның ішінде еңбек қатынастарын және еңбек қатынастарымен тікелей байланысты өзге де қатынастарды, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық қатынастарды ұжымдық-шарттық реттеуді жүзеге асыру»;

5. II «Тараптардың өзара қарым-қатынастары мен міндеттемелері» деген бөлімнің 2.1-тармағы мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) ұжымдық еңбек дауларының туындауына әкеп соғуы мүмкін себептер мен мән-жайларды жою жөнінде алдын алу шараларын қабылдау;»;

6. II «Тараптардың өзара қарым-қатынастары мен міндеттемелері» деген бөлімнің 2.1-тармағының 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«11) мынадай мәселелер бойынша кеңестер өткізу:

- салалық біліктілік шеңберін бекіту;
- саладағы реттелетін кәсіптер тізбесін әзірлеу, қайта қарау және бекіту;
- жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын және саладағы басшылар, мамандар мен қызыметшілер лауазымдарының бірыңғай біліктілік анықтамалығын жаңғырту;
- кадрларды сертификаттау жүйесін қалыптастыру;
- кәсіптік бағдарлау жүйесін дамыту;
- жұмыстан босатылатын жұмыскерлерді өндірісішілік оқытуды және озыңқы кәсіптік оқытуды дамыту;»;

7. II «Тараптардың өзара қарым-қатынастары мен міндеттемелері» деген бөлімнің 2.1-тармағы мынадай мазмұндағы 12), 13), 14), 15), 16), 17) және 18) тармақшалармен толықтырылсын:

«12) салалық біліктілік жүйесін дамытуға жәрдемдесу;

13) салалық кәсіптік стандарттарды өзірлеуге және ресімдеуге қатысу;

14) салада «Жаңа кәсіптер атласын» өзірлеуге, өзектілендіруге және қолдануға қатысу;

15) мынадай халықаралық конвенцияларды ратификациялау мәселелерін талқылауға мүдделі болған кезде қатысуға құқылы:

№ 47 «Жұмыс уақытын аптасына қырық сағатқа дейін қыскарту туралы»;

№ 97 «Көшіп-қонушы жұмыскерлер туралы»;

№ 102 «Әлеуметтік қамсыздандырудың ең төменгі нормалары туралы»;

№ 117 «Әлеуметтік саясаттың негізгі мақсаттары мен нормалары туралы»;

№ 118 «Ел азаматтарының, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы тең құқылдығы туралы»;

№ 132 «Ақылы демалыстар туралы»;

№ 143 «Көші-қон саласындағы теріс пайдаланушылықтар туралы және көшіп-қонушы жұмыскерлерге мүмкіндіктер мен жүргіну тенденцияларынан қамтамасыз ету туралы»;

№ 154 «Ұжымдық келіссөздерге жәрдемдесу туралы»;

№ 157 «Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы құқықтарды сақтаудың халықаралық жүйесін белгілеу туралы»;

№ 158 «Жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек қатынастарын тоқтату туралы»;

№ 159 «Мүмкіндігі шектеулі адамдарды кәсіптік оналту және жұмыспен қамту туралы»;

№ 160 «Еңбек статистикасы туралы»;

№ 161 «Еңбек гигиенасы қызметтері туралы»;

№ 168 «Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және жұмыссыздықтан қорғау туралы»;

№ 173 «Кәсіпкер төлемге қабілетсіз болған жағдайда еңбекшілердің талаптарын қорғау туралы»;

№ 175 «Толық емес жұмыс уақыты жағдайындағы жұмыс туралы»;

№ 184 «Ауыл шаруашылығындағы еңбек қауіпсіздігі және гигиенасы туралы»;

№ 189 «Үй жұмыскерлерінің лайықты еңбегі туралы»;

№ 190 «Еңбек саласындағы зорлық-зомбылық пен қудалауды жою туралы»;

16) Халықаралық еңбек ұйымы ұсынған лайықты еңбек тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі жол картасын 2021 жылы өзірлеуге қатысу;

17) Халықаралық еңбек ұйымының «Дамушы елдерді ерекше ескере отырып, ең төменгі жалақыны белгілеу туралы» № 131 конвенциясын ратификациялау мәселелері бойынша, оның ішінде жалақыны жыл сайын индекстеу мәселесі бойынша консультациялар өткізу жөніндегі жұмыс жоспарын бекіте отырып, жұмыс тобына мүдделі болған кезде қатысу;

18) еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақының шекті мәнін ұлғайту мәселесін 2021 жылы қарауға қатысу, қажет болған жағдайда қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныс дайындау.»;

8. II «Тараптардың өзара қарым-қатынастары мен міндеттемелері» деген бөлімнің 2.2-тармағының 4) және 5) тармақшалары алып тасталсын;

9. II «Тараптардың өзара қарым-қатынастары мен міндеттемелері» деген бөлімнің 2.3-тармағы мынадай мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:

«14) кәсіптік одак мүшелері болып табылмайтын бір ұйым жұмыскерлерінің жазбаша өтініштері негізінде кәсіптік одак мүшелеріне қойылатын шарттық талаптарда олардың мүдделерін білдіруге жәрдемдеседі.»;

10. V «Еңбек ақысын төлеудің негізгі принциптері» деген бөлімнің 5.2-тармағы мынадай мазмұндағы 9), 10) және 11) тармақшалармен толықтырылсын:

«9) жұмыс беруші жалақыға және міндетті зейнетақы және әлеуметтік аударымдарға арналған қаражатты өзге мақсаттарға пайдалануға жол бермеу туралы шаралар қабылдайды;

10) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына сәйкес ұқсас жұмыс көлемін және бірдей біліктілікті орындау кезінде шетелдік және отандық жұмыскерлер арасында еңбек ақысын төлеу саласында жұмыс беруші тарапынан кемсітушілікке жол бермеуді қамтамасыз етеді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс беруші экономикалық дәрменсіз (банкрот) болған жағдайда жұмыскерлердің ақшалай өтемақы алу құқықтарын қорғау жөнінде шаралар әзірлеу және қабылдау үшін консультациялар жүргізеді.»;

11. VII «Әлеуметтік кепілдіктер, өтемақылар мен женілдіктер» деген бөлім мынадай мазмұндағы 7.6 және 7.7-тармақтармен толықтырылсын:

«7.6 Мүдделі тараптардың ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жанындағы жұмыс тобы шенберінде, сондай-ақ Бас келісімге сәйкес жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру мәселелері жөніндегі жұмыстарға қатысуы.

7.7 Мүдделі тараптардың Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің жобасын әзірлеуге қатысуы.»;

12. VIII «Жұмыспен қамтуға ықпал ету» деген бөлімнің 8.1-тармағы 4) тармақшасының жетінші және сегізінші абзацтары мынадай редакцияларда жазылсын:

«- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мүгедек адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құру;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек нарығының бірынғай ақпараттық базасына, оның ішінде «электрондық еңбек биржасы»

мемлекеттік ақпараттық порталы арқылы сұранысқа ие мамандықтар бөлінісінде бос орындардың болуы туралы мәліметтерді және жұмыс орындарын болжамды құру туралы деректерді ұсыну;»;

13. VIII «Жұмыспен қамтуға ықпал ету» деген бөлімнің 8.1-тармағының 9) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс орындарының стандарттарын сақтай отырып, мүгедек адамдар үшін, сондай-ақ салалық ұйымдарда қалыпты еңбек жағдайлары бар жұмыс орындары болған кезде интернат ұйымдарының кәмелетке толмаған түлектері үшін;»;

14. VIII «Жұмыспен қамтуға ықпал ету» деген бөлімнің 8.1-тармағы мынадай мазмұндағы 12), 13) және 14) тармақшалармен толықтырылсын:

«12) мүмкіндік болған жағдайда қысқартылатын жұмыскерлерді жұмыс берушінің құрылтайшысы, катысуышы немесе акционері (ұйым ішінде) болып табылатын заңды тұлғаларға (филиалдарға, өкілдіктерге және (немесе) өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелерге) үқсас лауазым, тиісті біліктілік, мамандық немесе кәсіп, орындалатын жұмыстың қурделілігі, саны мен сапасы бойынша бар бос орындарға ауыстыруды қамтамасыз етеді;

13) кадрларды мемлекет меншігіне алудың әртүрлі бағдарламаларын қоса алғанда, кандидаттардың біліктілігі тең болған кезде (жұмыскердің білім деңгейін, білімін, іскерлігін, кәсіби дағдылары мен жұмыс тәжірибесін ескере отырып) қазақстандық мамандар үшін жұмысқа орналасуға басым құқық беру арқылы шетелдік мамандарды біртіндеп қазақстандық мамандармен ауыстыру жөнінде шаралар қолданады;

14) халықты жұмыспен қамту орталықтарымен бірлесіп, жұмыспен қамтуды мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде жұмыс істеп тұрган жұмыс орындарының сақталуын қамтамасыз етуге ықпал етеді.»;

15. VIII «Жұмыспен қамтуға ықпал ету» деген бөлімнің 8.2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың еңбек және әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін, сондай-ақ өзге де құқықтарды қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді, оның ішінде жұмыспен қамтуды қамтамасыз етудің мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу;»;

16. VIII «Жұмыспен қамтуға ықпал ету» деген бөлімнің 8.2-тармағы мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) жұмысшы кәсіппері мен мамандықтарды бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет аландарда танымал ету.»;

17. IX «Гендерлік және жастар саясаты» деген бөлімнің 9.2-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) жұмыс берушілер халықты жұмыспен қамту орталықтарымен бірлесіп, халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және шарттарда «Бірінші жұмыс орны» жобасы шеңберінде жастардың алғашқы жұмыс орнына жұмысқа орналасуына ықпал етеді;»;

18. IX «Гендерлік және жастар саясаты» деген бөлімнің 9.2-тармағының 4) тармақшасы мынадай мазмұндағы жаңа абзацтармен толықтырылсын:

«- әйелдер мен ерлердің тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз ету;

- ұқсас және біліктілігі бірдей жұмыстарды орындау кезінде әйелдер мен ерлердің енбегіне ақы төлеудегі тенденция.»;

19. XII «Еңбектің қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету және еңбекті қорғау» деген бөлімнің 12.1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«12.1. Келісім Тараптары сала ұйымдарында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы саясаттың басты бағыты ретінде жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығын сактауды басымдық деп таниды және өздеріне мынадай міндеттемелер алады:

1) елдің кәсіпорындарында мыналарды енгізу жөніндегі жұмысты жүргізу:

- қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша тапсырыс берушіден мердігерге дейін сатылас бақылау;

- еңбекті қорғау мен қауіпсіздігінің қазіргі заманғы стандарттары;

2) еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларға келісімдерде, ұжымдық шарттарда немесе жұмыс берушінің актілерінде айқындалатын мөлшерде, бірақ жалақының ең төмен мөлшерінен кем емес ай сайынғы қосымша ақыны жүзеге асыру мәселесі бойынша консультациялар өткізу, сондай-ақ жұмыс берушінің және (немесе) кәсіптік одактардың қаражаты есебінен мамандандырылған білім беру ұйымдарында олардың жыл сайынғы оқуын өткізу;

3) үздік тәжірибелемен және озық практикалармен алмасу, сондай-ақ қауіпсіз жағдайлар мен еңбекті қорғаудың мониторингі мақсатында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік жаракаттану, кәсіптік ауру жай-күйі мәселелері бойынша сала ұйымының мүдделі тараптарын шақыра отырып, Салалық комиссия отырыстарында тындау;

4) сала кәсіпорындарын Халықаралық әлеуметтік қамсыздандыру қауымдастырының «Vizion Zero» тұжырымдамасына қосу бойынша ақпараттық жұмыс жүргізу.»;

20. XII «Еңбектің қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету және еңбекті қорғау» деген бөлімнің 12.2-тармағының 2) тармақшасы мынадай мазмұндағы жаңа абзацтармен толықтырылсын:

«- кәсіптік тәуекелдерді басқару тетіктерін өндірістік практикаға енгізу;

- кәсіпорында еңбекті қорғауды басқару жүйесін енгізу.»;

21. XII «Еңбектің қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету және еңбекті қорғау» деген бөлімнің 12.2-тармағы мынадай мазмұндағы 36) тармақшамен толықтырылсын:

«36) әйелдердің, жастардың және мүгедек адамдардың негізгі құқықтары мен кепілдіктерін іске асыру үшін, оның ішінде келісім және ұжымдық шарттар шенберінде жағдайлар жасауға ықпал етеді.».

22. Осы қосымша келісімде қозғалмаған Салалық келісімнің барлық шарттары өзгеріссіз қалады және әлеуметтік әріптестік тараптары олар бойынша өз міндеттемелерін растайды.

23. Осы қосымша келісім Салалық келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және мемлекеттік және орыс тілдерінде заңды күші бірдей 6 данада жасалды. Сала ұйымдарында Жұмыс берушілер мен Кесіподақ осы қосымша келісімді қол қойылған күнінен бастап бір ай ішінде жұмыскерлердің назарына жеткізуді бірлесіп қамтамасыз етеді.

24. Осы қосымша келісім Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде тіркелген күннен бастап күшіне енеді және 2022 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін қолданылады.

25. Әлеуметтік әріптестік тараптарының қолдары:

### ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ ӨКІЛДЕРІ:

«Қазақстан мұнай-газ кешенінің салалық кәсіптік одагы»

қоғамдық бірлестігі

Төраға

*C. Галиев*

С. Галиев

«Химия, мұнай-химия және өнеркәсіптің

туыстас салалары жұмыскерлерінің салалық

кәсіптік одагы» қоғамдық бірлестігі

Төраға

*А. Серебренников*

А. Серебренников

«Қазақстан мұнай-газ кешенінің салалық

кәсіптік одагы» қоғамдық бірлестігі

Төраға

Е. Мұстафина

### ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРДІҢ ӨКІЛІ:

«KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ

және энергетика кешені ұйымдарының

қауымдастыры

занды тұлғалар бірлестігі

Бас директор

*«Kazenergy»*

К. Ибрашев

### ҚАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІ:

Қазақстан Республикасының

Энергетика вице-министрі

Ә. Мағауов

*Ахметжан П.Ж.*